Газет 1970 жылдың 1 қаңтарынан шығады. Газета выходит с 1 января 1970 года.

Іле таңы

№20 (4711) | Іле аудандық қоғамдық-саяси апталық | 12 мамыр (жұма) мая (пятница) 2017 жыл год | Илийский районный общественно-политический еженедельник

● Мерекелік сыбаға

ЕРІМ ДЕГЕН ЕЛ БОЛҒАНДА

7 мамыр күні Чапаев ауылындағы Мәдениет үйінде Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің құрылуының 25 жылдығына арналған салтанатты шара өтті.

- «Құрметті Отан қорғаушылар, ауан тұрғындары! Сіздерді 7 мамыр - Отан қорғаушылар күнімен, Қазақстанның Қарулы Күштерінің 25 жылдық мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Тәуелсіздігімізді, бейбіт ұстастығымызды сақтауға, халқымызды қорғаған болған ұлттық әскеріміздің қиын-қыстаулы арта берсін! Мемлекет басшысы, Қорғаныс Бас Қолбасшы Нұрсұлтан Әбішұлы: «Жастарды Отанымызға қызмет ету және оны қорғау – әрбір азаматтың парызы борышы. Осынау перзенттік парыз әскери адамдар арқылы атқарылуда. Сонда ғана біз арманымызға жетіп, тәуелсіз Ел болып аламыз», – деп атап көрсетіп болатын. Бар ұмтылысы Отанын қорғауға арнап, қызметін мінсіз атқарып жүрген әскери қызметкерлерге алғыс білдіреміз. Еліміздің тыныштығын сақтау жолындағы жауапты қызметтеріңіз табысты болсын, - деп ақ тілегін білдіріп, Іле тұрғындары мен әскерилер қауымын мерекесін құттықтаймын», - деді аудан әкімі К.Медеуов.

Мұнан соң аудан әкімі аудан көлеміндегі әскери гарнизонының әскери қызметкерлері мен аудандық ішкі істер басқармасының қызметкерлерін ел алдындағы адал борышы үшін атқарған еңбектері үшін «Құрмет грамоталары» мен «Алғыс хаттарын» тапсырды. Осы түсті аудандығымыз еңбегімен ерекшеленіп жүрген бірнеше азаматқа ауданның «Құрметті азаматы» мәртебесі берілді. Сөз: М.Кошалко - аудандық мәслихат депутаты, Р.Ходжалаков - Алматы облысы, ауыр атлетика федерациясының президенті, К.Раунов - ауданымыздағы бұқаралық спортты дамытып, қазақ күресінен ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, жас ұрпақтың спортпен шұғылдануына жол ашуда ерекше ағ істерді басынан табылып, еліміздің талантты да дарынды спортшыларын дайындап жүрген - М.Юсупов - «Іле гандбол» клубының директоры марапатталды.

Салтанатты кешті соңы концерттік бағдарламамен жалғасты.

Өз тілшімізі.

● Рухани жаңғыру

Ел болашағының негізі

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын тебреніп, қуанып отырып оқидым, үлкен әсер алдым. Ой, жабағыдай дегім осы екен деп, жасысы қайсы, жаман қайсы екенін білмей, ұмытып жатқан кезімде, бірдеңемді, ұмытпақ достығымызды сақтай отырып, өз ағаларымызбен көрше білуімізге жолдарын ашықтап берді. Жаңғырудың ең шарты – сол ұлттық қазынаны сақтай білу, – деді. Бұл жай ғана айтылып салған сөз емес. Жаңадан ұлттық құндылық – әдебиетімізді, тарихымызды, ан-ыр өнерімізді, күйлерімізді, ұлттық ұстанымдар мен дәстүрлерімізді, салт-дәстүрімізді, мәдениетімізді. Ел болып тұрмыр кешу, ұлттық ұстанымдарымызды сақтап, рухани болмысы мен өмір сүруге бауырмасы мынау отыз екінші қатарында болу үшін жастарымыздың санасына жоғарыда айтылған ұлттық тәрбие негізінен қазақ балабақшалары мен қазақ мектептерінен ғана. Бүгін барлығымыз да, яғни, ата-аналар, ұстаздар, ұлт зиялылары, институттар алдағы атқарылуымыз керек. Елбасы: «Білім алдымен бірінші орын шарт. Білімді берсеңіз бек қонып ұлт қана табысқа жетеді» - деген екен.

Ал-ақ Елбасымыз, «Туған жерге тұлқы тік», деп бекер айтпаған. Расында ол ағаны, өскен жерінде, оның керемінде ұлас қоса білген адам. Бұлар кешін ыдыс-ағ ата-анасы Пятимогом деген осы. Елбасы 2025 жылдан бастап [illegible] мәнісі туралы да ұсыныстарын ашық мәлімдеп деп есептеймін. Енді [illegible] жан-жақты сарапқа жүгіне жауапқа соғамыз. Елбасы [illegible] бірі бағдарламалық мақаласындағы қой ұзағынан ғана [illegible] Елбасымыз Н.Назарбаевтың, өзімізге болашағын, жаңаша [illegible] сөзімізге берсін деп тілейміз. Біз де [illegible]

Тергінен КЕНЕНҚЫЗЫ,
Іле аудандық «Құрметті азаматтар» ардагер ұйымы.

● Ұлы Отан соғысына - 72 жыл

9 мамыр - Жеңіс күніне орай Өтемен батыр атындағы орталық сайлауалдағы «Ұлы бұзын» ескерткішінің алдында мерекелік шара өтті. Жыныны соғыс ардагерлері және мемлекеттік органдар мен әскери бөлімдердің, құқық қорғау органдарының өкілдері және кент тұрғындары қатысты.

Салтанатты жиында аудан әкімі К.Медеуов ардагерлерді мерекемен құттықтады. Сөз ол сөзінде: - Жеңіс күні тұтан алдың тәуелсіздігі мен бейбітшілік үшін жанын қиған боздақтарымызды ерек алатын күн. Адамзат тарихындағы ең сұрапыл соғыс қанқасаға жанның жүрегіне жазылмастай жара салды. Бүгінгі бірқалыпты тыныш өміріміз майданда қаныын төккен аталарымыздың арасында қалыпты. Ұлы Жеңіске жетуге соғыста жауыздық жауынгерлер бабаларымызбен, тылдағы отаншыларымыздың еңбегі ерекше тең. Сөз - Отан үшін от кешті, қасық қаны қалғанша шайқасты, ұрпақ болашағы үшін күресті. Ардагерлерімздің ерлігі мәңгі ұмытылмайды, - деді.

ҰРПАҒЫҢ ҰРАНДАТЫП, ДАҢҚЫҢДЫ ӨШІРМЕС

Бұдан соң жиналғандар соғыста қыза тапқандарды бір минут үнсіздікпен еске алды. «Ұлы бұзын» ескерткіш алдында мемлекеттік мекемелер, аудандық мәслихат, білім және мәдениет саласының қызметкерлері, аудандық ардагерлер Кеңесі, қоғамдық ұйымдардың өкілдері салтанатты түрде гүл шоқтарын қойды. Жұртшылық ардагерлермен бірге сүреңге түсті.

Фашистік басқыншыларға тойтарыс беруге кетерілген Кеңес Одағы қарулы күштерінің құрамында соғыс жылдары барлығы 35 миллион адам болса, бұлардың 1 миллион 366 мыңы қазақстандық болатын. Жетісу өңірінен қаншама жауынгер қатысқаны белгісіз. Дәл бүгінгі уақытта Алматы облысы бойынша кем тұрғындағы соғыстың мұрасындай 190 ардагер болса, соның 23-і біздің аудандағы тұрады. Жеңіс күні ұлықтап жатқан Өтемен батыр кенті бойынша тұрады. Атап айтсақ, Т.Толғанбаев, В.Заец, А.Крутских, Н.Лещенко, олардың аталарымыздың қайсарлығы мен қаһармандығы; Отанға деген сүйіспеншілігі асқақ қатысқа соғыстың жеңіске жол ашты. Біз ардагерлер Жеңіс күнін ата буынның Отанға деген шексіз сүйіспеншілігінің жастарды ерлік пен патриотизм рухында тәрбиелеудің кішкеуісіз өнегесі екені сөзсіз. Отанымыздың тарихында алтын әріптермен жазылған бүгінгі ұрпақтың күні бұл соғыста өмірі үшін ұрысқан өмірлерін қиып, елге оралмаған боздақтары есіне алып, олардың ешнесі рухларына тағзым ету әр азаматтың борышына айналды.

Салтанатты шарға қатысып, арнайы сөз алған соғыс ардагері Т.Толғанбаев:

- Құрметті жерлестер! Сіздерді Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын! Жұрттарымыз өлімге тыныштық, ел басқарып жүрген азаматтарымызға құдіреттілік берсін. Енді бұл өрнек соғысты біздің ұрпақтар бермесін. Елімізде әрдайым тыныштық, молшылық болсын. Мына мерекелі сәтте ел басқарып отырған азаматтар өскеруге қалдырмайды. Оларға алғысым шексіз, - деді.

Жеңіс күнін тойлау орталық алаңда жалғасты. Онда аудан керемгерлерінің дайындаған сәнсіз жауынгерлер мен ерлерге кәрмандардың ерлігін сипаттайтын патриотты әндер шырқалды, би биленді. Мерекелік думан ардагерлерге аудан әкімдігінің ұйымдастырушысымен мерекелік дастарқан жайылып, ерекше сый-құрмет көрсетілді. Мерекелік дастарқан басында балалық шағы сұрапыл соғысқа сәйкасқан, сол жылдардың қиын кезеңдерінен өмірлі өрбіткен ардагерлер өткен күннен сыр шертті.

Б. ЧОЙБАСОВ.

Құрметтіміздің!

Іле ауданының "Құрметті азаматтары"

Михаил Станиславович Кошалко, аудандық мәслихат депутаты

Мажит Каримович Юсупов, МКХК «Іле гандбол» клубының директоры

Қаппар Тектұрбайұлы Раунов, қазақ күресінен ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы

Руслан Рахматович Ходжалаков, Алматы облысы ауыр атлетика федерациясының президенті